

К.Қ.САДИРОВА

КӨП ПРОПОЗИЦИОНАЛЬДЫ ДИСКУРСТЫ КОГНИТИВТІК АСПЕКТІДЕ ТАЛУ МӘСЕЛЕСІ

Дискурста когнитивтік-семантикалық құбылыс ретінде қарап зерттеу жүргізу соңғы уақытта пайда болған. Кез келген коммуникативтік әрекет спонтанды немесе ұйымдасқан дискурс аясында қандай да бір коммуникативті – когнитивтік құрылымдарды жүзеге асыруды білдіреді. Мұндай *когнитивтік құрылымдар деп әлеуметтік мәдени сипаттағы ақпаратты мазмұндайтын фреймдік модельдер аталады. Фрейм – түрлі ақпараттарды мазмұндайтын стереотипті жағдайларды мазмұндау жолдарының бірі* [1]. Белгілі голландық лингвист Т.А. ван Дейк «фрейм» терминін концептуалды жүйедегі «жалпы білімнің» ұйымдастырылуымен байланыста түсіндіреді. **Фреймдер қандай да бір концептің айналасына жинақталған және сол не басқа да концептерге ассоциацияланған негізгі, типтік, сондай-ақ мүмкін ақпараттарды мазмұндайтын бірліктер** [2].

Көп пропозициональды дискурстың (әрі қарай КПД) когнитивтік аспектісі дегенде біз нені және қалай ұғамыз, нендей мәселелер тақырыбымыздың мәнін ашады? деген сұрақтарға жауап беріп көрейік.

Еналдымен, КПД дегеніміздің өзі қандай бірлік? КПД – дискурстың бір түрі. Оның басқа дискурстардан ерекшелігі – бірнеше пропозициялардың тобынан тұратындығы. Ол бірізділіктегі клауздардың немесе предикативтік конструкциялардың тұтастығы. Пропозициялар – ақпаратты алғашқы қаттау құралы, ол астырт құрылымда жүзеге асады. Оныңүстірт құрылымының түзілуіне концептілер (сөздер) қатысады да, олардың тіркесімінен пропозициялар / клауздар түзіледі, олар пропозициональды ақпаратты грамматикалық кодтау қызметін атқарады да, олардың бірізді тұтастығының түзілуі көп пропозициональды дискурстың құрылуына әкеледі. Ғылыми әдебиеттерде дискурс мәтіннің өзі ретінде де, мәтінді құраушы құрамдас бірлік ретінде де қаралады. Сондай-ақ **дискурс пен мәтін** қатынасы дискурстың динамикалық, ал мәтіннің статикалық (тұрақты, қозғалыссыз) сипаттары арқылы танылады деген де көзқарас ғылыми айналыста орын алған. Динамикалық күйі, яғни тікелей коммуникациядағы бірлік **дискурс**, ал оның статикалық күйге түскен сипаты **мәтін** деп танылады. Мұнан басқа дискурста мынадай белгілер тән: функциональдығы, актуалдылығы, процесс екендігі, когнитивтік әрекетке жата-

тындығы, кез келген дыбыстық немесе графикалық репрезентациядағы тілдік материал болатындығы. Мәтінді ажыратуға қызмет ететін белгілерге мыналар жатқызылады: құрылымдығы, өнім екендігі, когнитивтік әрекет қорытындысы, кез келген материалдық тасымалдаушыда бекітілген тілдік материал [3].

Дискурстың бір түрі ретінде КПД танымның, ғалам туралы білімнің тілдегі көрінісін тасымалдайтын бірлік. Сондықтан оған талдау жасай отырып ұлттық таным ерекшелігін табуға болады. Мысалы, төмендегі дискурстарды талдай қарасақ, олардың семантикалық құрылымы ұлттық танымды сақтаған, өзгеріссіз тасымалдай алған: 1) *«Байларда да жүрек, сезім барлығын «Қан мен тер» көрсеткен еді»* («Ақтөбе» газеті, 17 тамыз 2006 жыл. 20-б). Бұл КПД қатарында танылады, оныңсебебі мұнда мынадай пропозициялар бар: а) *байларда да жүрек бар ә*) *байларда да сезім бар б*) *«Қан мен тер»* көрсетті. Соңғы бөлінген пропозицияның құрамында тұрған «Қан мен тердің» өз құрамында да күрделі пропозиция кіріккен, ол сол туралы білімі, ақпараты бар әр қазақ үшін түсінікті, яғни Ө.Нұрпейісовтің қазақ халқының бір тарихи кезеңіндегі тағдырлар бейнеленген шығармасы туралы тұтас білімнің жинақталған түрі. Егер ақпарат қабылдаушыда бұл шығарма туралы түсінік болмаса, пропозиция кодтаған пропозициональды ақпарат өз мәнінде ұғынылмайды. Талданып отырған КПД дискурстың жоғарғы деңгейдегі макроқұрылымы, ол өз бойына газеттің көрсетілген бетіндегі барлық байланыстағы пропозициональды ақпараттың ең маңыздысын ұстап тұр. Осы газет бетінен айдар атауы ретінде берілген төмендегі бірліктер де құрамында ұлттық таным көрсеткішін бекіткен КПД –ға жатады : 2) *Темір «қырандар» тарихы* (Ақтөбе» газеті, 17 тамыз 2006 жыл. 20 – бет). 3) *Ұшақтың «зейнеткерлік» жасы – 25 жас* (Ақтөбе» газеті, 17 тамыз 2006 жыл. 20 – бет. *Қырандар, зейнеткерлік* деген КПД пропозициясын құрауға қатысып тұрған концепт, әрі өзі де жеке пропозиция түзіп тұр : 2.1. *Темір – қыран* 2.2. *Темірдің тарихы бар. Қыран* қазақ ұлтының түсінігінде **еркіндіктің, күштіліктің символы**, ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жеткен танымының көрінісі, даланың кеңдігі мен құсбегілік салтының болмысын танытатын білім жиынтығы, уақыт

өте келе жаңа тіршілікке сай жаңа түсініктердің бұрыннан бар түсініктерді негізге ала қайта құрылым түзуін қамтамасыз етті. Бірақ соңғы құрылымда оның символдық мәні жоғалып, тек қана екеуінің де биікке самғау әрекетінің, пішін ұқсастығынан ассоциациялану туған. Осы тәрізді **зейнеткерлік** те ұлт түсінігіндегі **қарттық, құрметті** деген түсінікпен астарласқан, бұл жағдайда адам тек қартайғанда ғана қызметтен кететіндігі, әсіресе, Кеңес кезіндегі зейнеткерлікке шықса да, қызметте жүре беруінің нәтижесінде қалыптасқан. Тағы бір түйіндейтін жайт **зейнеткерлік** түсінігінің қазіргі қолданыстағы жаңарған мәнінде ол **қызметке жарамсыздығын көрсететін шек мағынасында ұғынылады**, ол нарық қатынасындағы бәсекелестікте мамандардың біліктілігі мен оның жасының бір-бірімен байланыстырыла танылуынан, бағалануынан туындаған, бірақ **зейнеткерлік** тек жасқа байланысты ғана емес түрлі себептерге, мысалы, өндірістегі ақаулықтардың нәтижесінде алынған мүгедектікке байланысты да шығарылатыны бірден ескерілмейді. Бұл түсініктер бір қоғамда өмір сүруші білімі, тәжірибесі мен өмір сүрген қоғамындағы идеологияның қалыптастырған әсерлері түрлі сипаттағы индивидтердің танымынан орын алған. Екі пропозицияда да олар жансыз затпен жандандыра отырып ассоциацияланған. Бұған қатысты түйіндейтін жайт – КПД символ қалыптастырудағы негізгі фон. КПД –ны ұлттық таным тасымалдаушысы ретінде көрсететін бірліктің бірі – **тілек–бата құрылымы. Мысалы,**

Бақ бер, бәледен сақта,
Абырой бер, аман сақта.
Дастарқан берекелі болсын,
Отбасы мерекелі болсын, –

деген КПД мынадай пропозициялардан тұтасқан: 1) бақ бер 2) бәледен сақта 3) абырой бер 4) аман сақта 5) дастарқан берекелі болсын 6) отбасы мерекелі болсын. Мұнда **бақ, абырой, амандық, береке, отбасы** түсініктері қазақ ұғымында кәсіпкерлік болса, **бәле** түсінігі **жамандық, қиындық** жиынтығы ретінде қалыптасқан және ол тілдің кумулятивтілігі арқылы беріліп отырады. Қазақ түсінігінде **бата беру мен бата алудың** өзіндік орны мен үлкен мен кішінің қарым-қатынасындағы әсері жоғары деңгейде қалыптасқан, тіпті ана тілін ұмытқан қазақ ұлтының түсінігінде де қол жайып, бата тілеу, әумин деп бет сипау орындалады. Мұның өзі де бата –тілек мәтінін ұғынбаса да, ішкі түйсігінде жақсылыққа ұмтылу, оны сөз күшімен жақындату сенімі тұр. Тілдік хабардың құрылуы мен түсінілуін анықтай-

тын адамзат жадындағы үздіксіз әрі өзара байланыстағы процестерді танумен сабақтастырылып беріледі. Шындығында да, кез келген жаңа ақпаратты не оқиғаны түсінуде адам соған ұқсас не өз жадында бар таныс жағдайды еске түсіруге тырысады. Бұл ізденіс жаңа ақпаратты өңдеуде қолданылған құрылымның жақты ұйымдастыруға қолданылатын нұсқасымен ұқсас келуін сәйкестейді. Мысал ретінде бұл ойды былайша түсіндіруге болады. Қазақта «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» дейді. Осындағы тобықтай түйін – біздің жаңа ақпаратты қабылдағандағы өзіміздің санамызда, жадымызда сіңген, ұқсатқан жағдаймен сай түсетін жаңа мәлімет, дерек. Ол өз бойында қалған сөйлеу компоненттерін жинақтайтын тіркесімділікті ұстап тұрады, яғни пропозициялық құрылымдағы семантикалық предикат қызметін атқарады. Ал пропозиция сөйлемнің (мәтін/дискурстың) бастапқы негізінде жататын семантикалық инвариант ретінде ұғынылады. Жоғарыдағы бата-тілек құрылымындағы семантикалық инвариант – пропозиция тіркесімділігін жинақтап тұрған семантикалық предикаттар – **бер, сақта, болсын**. Олар пропозиционалды ядро түзеді, өзіне актанттарды бекітеді. Пропозиционалды ядро семантикалық компоненттер арасындағы (түсінік, нысан, әрекет, абстракция) қатынастарды білдіреді. Пропозиция предикаты өз актанттарын еркін билейді, оларға фрейм ашады. Актанттар семантикалық рөлге ие болады. Біздің талдау нысанымыздағы семантикалық предикаттарға қазықталатын актанттар – **бақ, абырой, амандық, береке, отбасы, бәле, дастарқан, мерекелі**. Оларды семантикалық рөліне қарай былайша жіктеуге болады: **объективтер** – өзінің сапасын өзгертпейтін, бірақ әрекетке қатысушы жанды не жансыз зат: **бақ, абырой, бәле. Атрибут:** берекелі, мерекелі, аман. Бұл 6 пропозиция дискурстың пропозиционалды құрылымын түзеді, ол КПД мәнін ұйымдастырудың іргетасы ретінде ұғынылады, басқаша айтқанда, сөйлемнің негізгі конституенттерінің барлық жиынтығы мен олардың арасындағы иерархиялық қатынас сипатын анықтайды [4]. Жалпы дискурстың семантикалық құрылымына талдау жасағанда семантикалық компоненттерді «түсінік» ұғымына біріктіреді, бұл түсінікте қандай да бір компонент орталық, яғни ядро түзсе, қалғандары шеткі компоненттер (периферия) түзеді. Семантикалық компоненттер мен түсініктерді семантикада мынадай топтарға бөледі: **нысан (объект), әрекет (действие), абстракция және қатынас**. Егер дискурсты осы пропозиция-

лардың тұтастануы тұрғысынан зерделесек, орталық пропозиция дискурстың өне бойына ортақ тақырыпты білдіреді. Біздің талдауымызда – **отбасына жақсылық тілеу**. Осы орталық пропозицияға (**Отбасы мерекелі болсын**) семантикалық абзацтар, яғни қалған толықтырушы пропозициялар (**бақ бер, бәледен сақта, абырой бер, аман сақта, дастарқан берекелі болсын**) топтасады, нәтижесінде тұтас дискурсты түзеді. Орталық пропозиция мен толықтырушы пропозициялар арасындағы қатынас сипаты – **толықтыру қатынасы**. Бұлар және де **әрекет пропозициясына** жатады. **Әрекет пропозициясы деп басты құрамдас бөлігі әрекет болып табылатын пропозиция аталады**. Отбасы мерекелі болуы, яғни бақытты болуының көрінісі толықтырушы пропозициялармен жасалған. Бұл нақты жағдайда қол жайып, бет сипау әрекеттерімен қосталады да дискурстың ұлттық болмысымен қабылдануын туғызады. Ал **ассоциациялық қатынасқа** құрылған пропозицияға мына бата құрылымын атауға болады: *Жай қолыңды, Көтер білегіңді, Аллам берсін тілегіңді. Қазаның толы май қайнасын, Самаурын толы шай қайнасын, Төріңде төрт періште, екі Қыдыр ойнасын, Тілегің қабыл болсын, Мұратың асыл болсын*. Бұл құрылымдағы **орталық пропозиция** – *Алланың тілекті қабыл алуы*. Ол КПД-да екі **әрекет пропозициясына** бекітілген: *Аллам берсін тілегіңді, Тілегің қабыл болсын*. *Орталық пропозициядағы түсінік* астырт құрылымда бір әрекетті білдіріп тұр, бірақ оның жоғары қабаттағы құрылымы екі әрекетті білдіреді. Дискурстың семантикалық құрылымы негізінен екі семантикалық бірлікке негізделсе, соның бірі – түсінік (ойлау бірлігі), пропозиция (хабар бірлігі). Бұл КПД-дағы **семантикалық абзацтарды** былайша бөліп көрсетуге болады: *Жай қолыңды, Көтер білегіңді* – 1-семантикалық бірлік, *Қазаның толы май қайнасын, Самаурын толы шай қайнасын, Төріңде төрт періште*, *екі Қыдыр ойнасын* – 2-семантикалық бірлік, *Мұратың асыл болсын* – 3-семантикалық бірлік. Бірінші және екінші семантикалық бірліктердің қатынасындағы ассоциация бата беру/бата алу жағдайлық моделіне сай келеді де, ал екінші семантикалық бірліктегі қатынас қазақы тірліктегі **береке** түсінігі имплициттілігін тұрмыс-тіршіліктегі әрекеттерді көрсету арқылы эксплициттілікке көшірген. Басқаша айтсақ, бата мәтінінде берілген **май, шай** жай ғана **май, шай** емес, отбасы берекесінің символы, **қол, білек** жай ғана **қол,**

білек емес, ол ниеттің шын тіленуінің ұлтта қабылданған символы. **Қазан** – қазақ ұғымында жеті қазынаның бірі. Бұлар қонақ келсе – құт келер дейтін халықтың нанымын, танымындағы қалыптасқан білім жүйесін танытады. Төрт періште, екі Қыдыр түсініктері де ұлттық танымдағы жақсылықты таратушы бейнелердің діни сенімдерге қатысты қалыптасқан сипаты. Періштенің төртеулігі *дүниенің төрт бұрышы, төрт қабырға, төрт күл дүние* түсінік-терімен ұштасады. Қыдырдың екеулігінің мәні бар. Дүниені танудағы жұптық түсінік отбасына қатысты, берекеге байланысты «Бас екеу болмай, мал екеу болмас» деген қолданыста да тұр. Қыдырдың жұптығы жақсылықтың еселенуін тілеу, бұған қатысты «қыдыр дарысын, қырықтың бірі қыдыр» деген қолданыстардан да көрінеді. *Мұратың асыл болсын* семантикалық бірліктегі қатынас – **толықтыру қатынасы**, ол **күй пропозициясын** түзіп тұр. Аталған пропозициялардан тұратын семантикалық абзацтардың өзара бір-бірімен байланыстылықта тұруын қамтамасыз етіп тұрған – пропозиция тақырыбы (*тілекті қабыл алуы*) және оны сыртқы құрылымда бекітіп тұрған орталық пропозициялар (*Аллам берсін тілегіңді, Тілегің қабыл болсын*). Көріп отырғанымыздай, әр пропозицияның өз семантикалық құрылымы, олардан іріленген әр семантикалық абзацтардың өз құрылымы, олардың арасында қалыптасқан байланыстары мен қатынастары бар. Жоғарыда мысалға алынған КПД тұтастығының негізі тілдік тұлғалардың әр концепт, пропозиция тамырында жатқан құндылықтарды танып білуі мен тілді қолданушының ішкі дүниесінің дәрежесіне байланысты.

Ұлт танымын қаттаушы КПД-ға мысал ретінде жұмбақтар құрылымын келтіруге болады. Өйткені олар М.О.Әуезов сөзімен келтірсек: «Жұмбақтар еңбекші халықтың өміріне, тұрмысына жанасатын жақтарынан ғана алынады. Жанды затты алса, өзімен көп кездесетін қасқыр, түлкі, қоян тәрізді алынады. Малдың төрт түлігі көп айтылады... Дүние тану жолдарын еңбегіне байланыстырып, осыдан барып қорытынды жасайтын халық, көп жұмбақты нәрселердің неден істеліп, неден пайда болғанын айтуға арнайды» [5]. Жинақтың алғысөзінде берілген М.Әуезов пікірі жұмбақта халық танымның берілетіндігін дәлелдеуге тірек болса, жұмбақталатын нәрселердің неден жасалатындығы, неден пайда болғандығы айтылады деуінің өзі олардың көп пропозиционалды құрылымда келу мүмкіндігінің бар екендігін уәждеуге дәлел болады.

Жұмбақталатын зат түсінігі ойда, санада бар, қалыптасқан. Ал жұмбақта, яғни КПД-да жасырылған ойлау бірлігі – түсініктің құрамына енетін қасиеттер мен қатынастар пропозициялары (хабар бірлігі) топтасады, әр пропозициядағы қатынастар байланысын түзу нәтижесінде астырт құрылымдағы түсінік анықталады. Ал ол **ассоциациялық қатынасқа құрылған** пропозициядағы қатынастар байланысын тану үшін коммуникацияға түсушінің түсінігінде соған қатысты ақпарат, білім болуы шарт, сол кезде ғана жасырынған түсінік анықталады. Басқаша айтқанда, жұмбақты шешуде әрекет сыртқы құрылымнан астырт (астыңғы) құрылымды анықтауға, ойлау бірлігі түсінікті табуға бағытталған. Мысалы, *Дуниде бір найза бар сапталмаған, Мүлкім деп ешбір адам сақтамаған, Бұрынғы өтіп кеткен қариялар, Найзаныңтиген жерін мақтамаған (жылан)*. Келтірілген жұмбақта –КПД-да – 3 пропозиция бар. 1-пропозициядағы **сапталмаған найза** пропозициясын ұғынуда тіл қолданушы түсінігіндегі найзаның соғыс қаруы екендігі, оның адам өміріне қауіп туғызатындығы негіз болады да, жасырынған түсініктің найза тәріздестігі мен өмірге қауіптілігі танылады. 2-пропозициядағы хабар арқылы жасырынған түсінікте адамның мүлік ретінде күтіп баптамайтындығы, яғни адам өмір сүретін мекенде тұрақтамайтындығы ашылады. 3-пропозициядағы хабарда оныңқай замандардан да адамдарға белгілі нәрсе екендігі, сондай-ақ зияндылығы айқындалады. Басқаша айтқанда, атауыш топтардың референтін табуда адресат санасындағы білім базасындағы көп бейнелердің ішінен сөйлеуші (жұмбақшы) сөзіндегі құрылған бейнеге жақын деп тапқан бейнені іріктейді, референция процесі мен кореференттілік құру жүзеге асады. Референция процесі дегеніміз – бейнелерді сәйкестендіру процесі, ал кореференттілік құру –бұл білім базасынан «жақын» бейнелерді берілген атауыш сөздер тобына сай табу қызметін жүзеге асыру [6].

Тілек-бата мен жұмбақтарды жалпы дискурс ретінде танудың негіздемесін ғылыми айналыстағы дискурсқа берілген талдау түсініктерден табуға болады. Атап айтқанда, Т.А. ван Дейктің мына пікіріне көңіл аударайық: «Дискурс – это актуально произнесенный текст, а «текст» – абстрактная грамматическая структура произнесенного. «Дискурс» – это понятие, касающееся актуального речевого действия, тогда как «текст» – это понятие, касающееся системы языка. Текст –это абстрактный теоретический конструкт, реализующийся в дискурсе» [7]. Тілек-

бата мен жұмбақтарды жалпы дискурс ретінде танудың бірінші дәлелдемесі – **олардың актуальды сөйлеу әрекетіне қатыстылығынан** туындайды: бұл кем дегенде екі қатысушысы бар коммуникацияда орындалады. Дәлірек айтсақ, бата бір адамның өзіне қаратылып айтылмайды, үлкендерден (тек жасына қатыстылықпен анықталмайды, оған қоса елге сыйлылығы ескеріледі, көбіне құдалар тарапынан) кішілерге бағытталады, адресаттан «Әумин, не айтқаныңыз келсін, не періште әумин десін, құдайдың құлағына шалынсын» деген сияқты түрде жауап қайтарылады. Сол тәрізді жұмбақ та айтушының өз-өзіне қойылмай екінші біреуге қаратыла айтылады да, адресат тарапынан жұмбақтың шешуі дұрыс не бұрыс табылып жауап қайтарылады, яғни кері байланыс орындалады. Ал олардың тілдегі құрылымдары сөйлеу сәтіндегі туындаған дискурс бірліктерін құрастырған элементтердің статикалық күйге көшкен түрі, ол кез келген сөйлеу, қарым-қатынасқа түсу қажеттілігі туындаған сәтте динамикалық күйге айналады. Олардың құрылымын дискурстың суперқұрылымдары қатарынан тану қажет, олай дейтін себебіміз **суперқұрылымдар**, Т.А. ван Дейкше, нақты дискурс құрудың стандарттық сызбалары, олардың дискурстың макроқұрылымдарынан ерекшелігі суперқұрылымдар нақты дискурстың мазмұнына емес, олардың жанрына байланысты болады [8]. Демек, тілек-бата, жұмбақтар халық ауыз әдебиетінің жанрлық ерекшеліктеріне сай түзілген **арнайы сызбаға** ие: **тілек-бата** қол жаю әрекетіне шақыратын бөлік немесе бата алуға дайындық – бата, тілектер – тілектің қабыл болуын тілеу; **Жұмбақтарда**: жұмбақталатын түсінік (көкейдегі жұмбақталатын зат түсінігі және оған тән қасиеттерді қаттау) – зат белгілерін сипаттау – жұмбақтың шешуін табу шартын қою. Әсіресе, бұл жұмбақ айтыстарда жақсы көрінеді.

Соңғы кездегі зерттеулерде дискурстық талдау жасауда жанр термині дискурстың бірлігі ретінде және дискурс құрылымына әсер ететін факторлар қатарында қолданылып жүргендігін байқауға болады.

А.И. Кузнецова «Есть ли сходство в способах построения дискурса в произведениях определенных жанров (включая жанры народного творчества) независимо от языка, на котором текст существует?» деген сұраққа жауап беру барысында орыс тіліндегі, неміс және селькуп тіліндегі орыс тіліне аударылған бір тақырыптағы ертегі мәтінін дискурс ретінде танып салыстыру нәтижесінде төмендегідей

қорытынды жасайды: әртүрлі тілдердегі бірдей жанрдағы шығармалардың дискурстық құрылымында ұқсастықтар көп; әр тілді бөлек алғанда, олардың өз ішіндегі жанрларды салыстырғанда дискурстық құрылымындағы ұқсастықтары аз екендігі байқалады; көркем әдебиет шығармаларындағы дискурстық құрылымның әртүрлілігі халық әдебиеті шығармаларына қарағанда елеулі, оның себебі автордың жеке мүмкіндігіне байланысты. Сондай-ақ дискурстық құрылымды түзуге қатысатын тәсілдердің негізінен ортақ сипатта болатындығын көрсеткен: алдыңғы сөйлем құрылымын жартылай қайталау арқылы сатылы (баспалдақты) құрылым түзу, топиктің кезектестірілуі, дискурстың топиктерін анықтау мен оны бекіту құралдарының түрлі жанрларда ішінара сәйкес келуі де, ерекшеленуі де мүмкіндігі [9]. Дискурстық құрылым ұқсастықтарының тағы бір себебін Ф.Бартлеттің мына пікірімен сабақтастыра тануға болады: «...при вербализации прошлого опыта люди регулярно пользуются стереотипными представлениями о действительности» [10]. Демек, аталған құрылымдардың ұқсастығы шындықты танудағы тәжірибенің стереотипті түсініктерге сәйкестігінен туады, әрі ол халық ауыз әдебиеті үлгілерінің суперқұрылым түзуіне де себеп болады. Мұндай стереотипті базалық білімді Ф.Бартлетт схема (сызба) деп атайды [10].

Осыған ұқсас ой, пікірлерді арнайы дискурс құрылымына қатыстырып айтпағанымен, қазақ зерттеушілерінің еңбектерінен де кездестіруге болады. Бұл әсіресе ауыз әдебиеті шығармаларының тіліне қатысты жиі айтылған. Қ.Өмірәлиев қазақ толғауларындағы «Бір дегенде не жаман?» деген риторикамен басталатын үлгінің қырым жұртында: «Бір дегәште не йаман?» болып, қарақалпақ жырларында: «Бир дегенде не жаман, Билимсиз өскен ұл жаман» болып келетінін, ал қырым татарларының «Булан мүйіз салмаса, Булутқа йітіп тұрмас па?» дейтін өлең өлшемді формулалары Сібір татарларының тілінде: «Пуланның мүюзу түспеген полза, Пултқа тірей өзечук», - болып ұқсастығына атаған. Сондай-ақ М.Қашғари сөздігіндегі мақалдар туралы былай деген: «Мың жыл ішінде фонетикалық жағынан біршама, ал лексикалық-синонимдік, морфемалық-тұлғалық жағынан өте елеусіз өзгеріске түскен осы мақалдардың поэтикалық – шығармашылық модель үлгісі қазіргі түркі халықтарының бәрінде де сол күйінде сақталып қалған». Қ.Өмірәлиевтің жоғарыда келтірілген ойына қатысты Е.Қ.Жұбанов былай деп жазады: «Бұның өзі аса

маңызды тұжырым болатын» [11]. «Ауызекі әдебиет» тілінің қызметіндегі ұлтаралық сипаттың темпоральділігі (мезгілдік астары) мәселесін сөз еткен Е.Қ.Жұбановтың мына пікірінен де біз тілі әртүрлі болған жағдайда да дискурс құрылымы ортақ болу мүмкіндігін көреміз: «...түрлі ұлттардың сөз жұмсау процесіндегі образ талғамы, сөйлем құрау жүйесі, өлең өрімі біркелкі болып келгенімен, көптеген ел-жұртқа тараған бір сюжеттің естілуі, дыбысталуы, яғни фонациясы дәлме-дәл болмақ емес. Алайда, ауызекі әдебиет тілдерінің негізгі ұлтаралық, немесе аймақтық белгілері – олардың фонетикалық айырымдары емес, сөз ұйымын тұтынудағы бірізділігі, бір үлгі-модельді ұстануы, сол белгілердің барлық жерде біркелкі қоғамдық қызмет атқаруы деп білеміз» [12]. Келтірілген пікірлердегі *модель – үлгі, үлгі – модель* дегендері дискурстың *суперқұрылымы* түсінігімен сай келеді. Мұнан байқағанымыз халық әдебиеті шығармаларының дискурс ретінде суперқұрылымды болуы оның қарым-қатынаста туу қажеттігіне және ауызша түрдегі тілдің кумулятивті, яғни ұлт танымындағы құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі қызметіне, соған сай көкейдегі (санадағы) қалыптасқан типтік құрылымдарға байланысты. Ал дискурстық құрылымның ұқсастығы коммуникация актісіне қатысушылардың сөйлеуді жоспарлауының ұқсастығының, сөйлеудің тууының ұқсастығының себебінен болады..

Қорыта айтқанда, көп пропозициональды дискурсты когнитивтік аспектіде тануда негізгі нысанаға мына мәселелер алынып талданады:

- танымның, ғалам туралы білімнің тілдегі көрінісін тасымалдайтын пропозициялар тұтастығы, сондықтан оған талдау жасай отырып ұлттық таным ерекшелігін табуға, соған сай құрылған құрылымдар сипатын анықтауға болады;

- КПД символ қалыптастыруда негізгі фон қызметін атқарады;

- КПД қатарында халық әдебиеті үлгілерін де қарастыру қажет, себебі олардың басым көпшілігі суперқұрылымға ие, әрі оларға жеке, сондай-ақ бұқаралық коммуникация сипаты тән.

- БАҚ-тағы айдар атауларын да КПД-ның макроқұрылымы ретінде тануға болады және олар да белгілі деңгейде таным, білім жиынтығына сай құрылады, әрі соған сай қабылданады.

ӘДЕБИЕТ

1. Тюрина С.Ю. Дискурс как объект лингвистического исследования. <http://www.elcom.ru>

2. Т.А. ван Дейк. Язык. Познание. Коммуникация. Б.:

БГК им. И.А. Бодуэна де Куртенэ, 2000. 300 с. С.16-17.

3. Реконструкция предтекста при инициальной ретардации художественного дискурса. <http://dissershop.com>

4. *Сусов И.П.* Введение в теоретическое языкознание. Тверь, 1989. <http://homepages.tuersu.ru>

5. Қазақ жұмбақтары. Жинақ. Ана тілі, 1993. 3-8-бб.

6. *Толдова С.Ю.* О когнитивном подходе к некоторым проблемам референции. sosen@aha.ru

7. *Т.А. ван Дейк.* К определению дискурса. <http://www.hum.uva.nl/~teun>

8. *Т.А. ван Дейк.* Язык. Познание. Коммуникация. Б.: БГК им. И.А. Бодуэна де Куртенэ, 2000. 300 с. С.40-41.

9. *Кузнецова А.И.* Какие факторы влияют на структуру дискурса? (по материалам переводов иноязычных текстов на русский язык) http://www.dialog_21.ru

10. Структура дискурса. <http://www.kruqosvet.ru/articles>

11. *Жұбанов Е.Қ.* Халық әдебиеті тілін оқытудың лингвостилистикалық аспектері. Ақтөбе, 2003. 96 б. 67-68-бб.

12. *Жұбанов Е.Қ.* Халық әдебиеті тілін оқытудың лингвостилистикалық аспектері. Ақтөбе, 2003. 96 б. 69-б.